

Тасқала ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 4 ақпандағы № 20 "Тасқала ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 29 мамырдағы № 76 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 1 маусымда № 7180-07 болып тіркелді

Тасқала ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Тасқала ауданы әкімдігінің "Тасқала ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін бекіту туралы" 2021 жылғы 4 ақпандағы № 20 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6822 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тасқала ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Тасқала ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тасқала ауданының әкімі

Б. Айтмағамбетов

Тасқала ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 29 мамырдағы
№ 76 қаулысына қосымша

Тасқала ауданының жалпыға ортақ пайдаланылатын аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының атаулары мен индекстері

№	Автомобиль жолдарының индекстері	Автомобиль жолдарының атаулары
1	KL-TS-1	Ақтау ауылына кірме жол, 0-2,5 км
2	KL-TS-2	Қараой ауылына кірме жол, 0-6 км
3	KL-TS-3	Аккүтір ауылына кірме жол, 0-13 км
4	KL-TS-4	Қызылбас ауылына кірме жол, 0-4,5 км
5	KL-TS-5	Амангелді ауылына кірме жол, 0-1,5 км

6	KL-TS-6	1-Шежін ауылына кірме жол, 0-2 км
7	KL-TS-7	2-Шежін ауылына кірме жол, 0-2 км
8	KL-TS-8	Еменжар ауылына кірме жол, 0-12 км
9	KL-TS-9	Талдыбұлақ ауылына кірме жол, 0-8 км
10	KL-TS-10	Мереке ауылына кірме жол, 0-5 км
11	KL-TS-11	Атамекен ауылына кірме жол, 0-18 км
12	KL-TS-12	Атамекен-Қалмақшабын-Қисықсай, 0-15 км
13	KL-TS-13	Оян ауылына кірме жол, 0-38 км
14	KL-TS-14	Кеңжайлау ауылына кірме жол, 0-0,5 км
15	KL-TS-15	Мерей ауылына кірме жол, 0-13 км
16	KL-TS-16	Мерей-Өркен-Аққайнар, 0-14,5 км
17	KL-TS-17	Тоғайлы ауылына кірме жол, 0-12 км
18	KL-TS-18	Достық ауылына кірме жол, 0-3,5 км
19	KL-TS-19	Бастау ауылына кірме жол, 0-7,5 км
20	KL-TS-20	Ынтымақ ауылына кірме жол, 0-6,5 км
21	KL-TS-21	Тасқала ауылына кірме жол, 0-2,5 км
22	KL-TS-22	Бірлік ауылына кірме жол, 0-2 км
23	KL-TS-23	Жігер ауылына кірме жол, 0-12,5 км

Аббревиатураның толық жазылуы:

км- километр.